

**Ауданның елді мекендеріндегі ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі және үй - жайлардың шегінен тыс ашық кеңістіктердегі, сол сияқты жылжымалы және жылжымайтын объектілердегі сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастыру үшін төлемақы ставкалары туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2008 жылғы 6 мамырдағы N 8-2-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет Департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2008 жылғы 6 маусымда N 5-8-62 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 17-10-IV шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2009.04.21 N 17-10-IV шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының 15 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы № 209 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 489 бабының 1 тармағына және 491 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 508 "Жарнама туралы" Заңының 11, 12 баптарына сәйкес Бородулиха аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес ауданның елді мекендеріндегі ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі және үй- жайлардың шегінен тыс ашық кеңістіктердегі, сол сияқты жылжымалы және жылжымайтын объектілердегі сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастыру үшін төлемақы **с т а в к а л а р ы** **б е к і т і л с і н .**

2. Осы шешім Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми түрде жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Сессия төрағасы, аудандық  
мәслихат хатшысының м.а. В. Лопатин*

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 6 м а м ы р д а ғ ы  
N 8 - 2 - I V ш е ш і м г е

ҚОСЫМША

**Ауданның елді мекендеріндегі ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі және үй - жайлардың шегінен тыс ашық кеңістіктердегі, сол сияқты жылжымалы және жылжымайтын объектілердегі сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастыру үшін төлемақы ставкалары**

1 шаршы метрге дейінгі алаң- 150 теңге ай сайын;  
1- ден бастап 2 шаршы метрге дейінгіні қоса алғанда - 300 теңге ай сайын;  
2- ден бастап 3 шаршы метрге дейінгіні қоса алғанда - 500 теңге ай сайын;  
3- ден бастап 5 шаршы метрге дейінгіні қоса алғанда - 700 теңге ай сайын;  
5 шаршы метрден артық жарнамалық ақпараттарды орнатқан кезде айлық төлемақы ставкасы 1 шаршы метр үшін 400 теңге есебімен парақ көлемінің ұлғайғандығына қарай тепе- тең көтеріледі.

*Экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімінің бастығы Н. Афанасьева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК